

**Қазақстан Республикасының Президенті  
Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаға**

**Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

Мен, компьютерлік лингвистика (Computational linguistics) проблемаларымен 20 жылдан астам айналысып, 5 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты мен 8 PhD даярлап, ғылыми мектеп құрдым. Біздің негізгі ғылыми нәтижелер мыналар: қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық ережелерінің математикалық моделдері; қазақша жазылғанды сөйлету және қазақша сөйлегенді жазу технологиялары; қазақ тіліндегі мәтінді морфологиялық, синтаксистік және семантикалық талдау технологиялары; қазақ тіліндегі білімдерді цифрлеу мен өңдеу технологиялары. Осы технологиялар қазақ тілінде әртүрлі интеллектуалдық сұрақ-жауап жүйелерін, мәтіндерді сентималды талдау мен автоматты рефераттау жүйелерін және кез келген пән бойынша электрондық оқыту және білімі бақылау мен бағалау жүйелерін жасауда қолданылады. <http://e-zerde.kz>, [https://inbusiness.kz/ru/tv\\_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt](https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt) және басқа сайттарда жарияланған.

Қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшіруге байланысты «Қазақша жазуды латын әліпбиіне аударудың ғылыми, әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік негіздері» атты ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013-2015 жылдары гранттық қаржыландыруы бойынша орындалған жобаның ғылыми жетекшісі және «Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру мәселелері» атты монография шығарған ғалым ретінде 20.02.2018 жылы бекітілген қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінде нақты мысалдармен дәлелденген көптеген қателерді талқылап және оларды түзетіп, өзімнің жобамды ұсынуды жөн көрдім.

Мен осымен Сізге 3-ші рет хат жолдап отырмын. 1-ші хатыма ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі мені А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде баяндама жасауды ұсынды. Мен аталмыш Ғылыми кеңесте 2 рет баяндама жасадым. Бірақ одан ешқандай хаттама, немесе сын-пікір ала алмадым. Ал 2-ші хатыма ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен 2 сын-пікір тіркеген жауап келді.

Менің Сізге жеткізейін дегенім бекітілген әліпбидің көптеген жүйелік және техникалық қателері мен қайшылықтары болғандықтан, оны қолдануға арналған барлық жұмыстар керек емес еді және оған шыққан миллиондаған қаржы бекер болды... . «Судың да сұрауы бар» деген. Сондықтан, **«Лингвистика мен филологияны ажырата алмайтындар»** орындаған қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшіру жұмыстарына **бекер жұмсалған миллиондаған қаржыны** кімнен сұрау керек» деген сұрақ туындайды.

**Қазақ тілінің жаңа латын әліпбиін** дұрыс құрастыру үшін ғылыми атақтары мен дәрежелеріне қарай емес, шетелде индекстелетін (Scopus, Tomson Reuter) журналдарында қазақ тілінің теориясы мен практикасына, соның ішінде компьютерлік лингвистикаға байланысты ғылыми еңбектер шығарып жүрген ғалымдарды ғана жұмыс тобына тартуды ұсынамын.

**Қосымша:**

1. Қазақ тілінің латын графикасына көшу проблемалары - 7 б.
2. Менің ұсынысыма сарапшылардың сын-пікірлеріне жауап – 4 б.
3. Бұрынғы хатқа жауап және сын-пікірлер – 6 б.

**А.Ә. Шәріпбай**

тел.: +7 747 777 1652, e-mail: [sharalt@mail.ru](mailto:sharalt@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Алтынбек Шәріпбай,

т.ғ.д., профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
«Қазақстан жасанды интеллект академиясы» ҚБ-нің президенті

### I. Қолданатын негізгі ұғымдар:

*Аллофон*: мағына ажыратпайтын және әліпбиде өзіне үндес фонеманың таңбасымен таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

*Диакритика*: үндес фонемаларды таңбалайтын және дыбыстың қасиетін, екпінін және басқаларын беретін әрпілердің үстіне, астына немесе жанына жазылатын таңба.

*Диграф*: фонеманы таңбалайтын қос таңба, оның біріншісі таңбаланатын фонемаға үндес фонеманы таңбалайды, ал екіншісі біріншісінен өзге болады.

*Орфография*: сөздерді жазу ережелерінің жүйесі.

*Фонема*: мағына ажырататын, әліпбиде жеке таңбаланатын ең кіші дыбыстық бірлік.

### II. Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиін талдау.

Әліпби жасауда оған қойылатын барлық (ыңғайлылық, тиімділік және басқа) талаптардан маңыздысы оның **дұрыстығы** болады. Олай болмағанда, әліпби қолдануға жарамсыз болады, себебі ол жазбада әртүрлі қайшылықтарды тудырады. Төменде қолданыстағы кириллицадағы әліпбиде және 20.02.2018 жылы бекітілген латиницадағы әліпбиде (ары қарай бекітілген әліпби) көптеген қателер бар екенді нақты мысалдармен дәлелденді, сондықтан олар қолдануға жарамайды.

Қазақ тілінің бекітілген әліпбиінде **23** латын әрпімен **32** фонема және **2** аллофон (9-шы және 11-ші жолдар) таңбаланған, олардың ішінде **6** оң диакритика (2-ші, 8-ші, 17-ші, 19-шы, 26-шы және 29-шы жолдар), **1** теріс диакритика (11-ші жол) және **2** диграф (31-ші және 32-ші жолдар) қолданылған, бірақ 3 латын әрпі **Cc, Ww, Xx** қолданылмай қалған:

| №  | Жазылуы | Дыбысталуы | №  | Жазылуы | Дыбысталуы |
|----|---------|------------|----|---------|------------|
| 1  | A a     | [a]        | 17 | N n     | [n]        |
| 2  | Á á     | [ə]        | 18 | O o     | [o]        |
| 3  | B b     | [b]        | 19 | Ó ó     | [o]        |
| 4  | D d     | [d]        | 20 | P p     | [p]        |
| 5  | E e     | [e]        | 21 | Q q     | [k]        |
| 6  | F f     | [f]        | 22 | R r     | [p]        |
| 7  | G g     | [r]        | 23 | S s     | [c]        |
| 8  | Ğ ğ     | [r]        | 24 | T t     | [t]        |
| 9  | H h     | [x], [h]   | 25 | U u     | [y]        |
| 10 | I i     | [i]        | 26 | Ú ú     | [y]        |
| 11 | İ i     | [n], [ñ]   | 27 | V v     | [b]        |
| 12 | J j     | [ж]        | 28 | Y y     | [ы]        |
| 13 | K k     | [k]        | 29 | Ý ý     | [y]        |
| 14 | L l     | [l]        | 30 | Z z     | [z]        |
| 15 | M m     | [m]        | 31 | Sh sh   | [ш]        |
| 16 | N n     | [n]        | 32 | Ch ch   | [ч]        |

Бұл әліпбиде **7 қате** бар және олар қазақ тілінде қайшылықтарды тудырады:

1. Бекітілген әліпбидің 11-ші жолындағы **I i [n], [ñ]** жазбасында дауысты (**и**) фонемасы және дауыссыз (**й**) фонемасы 1 әрпімен таңбаланған. Бұл жүйелік қате, себебі:

– жазбада әртүрлі мағына тудыратын бірі дауысты (**и**), ал екіншісі дауыссыз (**й**) дыбыстары сөздерді буынға дұрыс бөлдірмейді. Мысалы «та-и» - мұнда 1 дауысты (**и**) және «таи» - мұнда 1 дауыссыз (**й**) болады.

– 26 әрпілік базалық латын әліпбиінде теріс диакритика (нүктесіз кіші әрпі *i*) жоқ, ал оның үлкен әрпі 10-шы жолда қазақтың дауысты (*i*) дыбысын белгілейтін **I** әрпімен бірдей. Бұл құрамында осы дыбыстар кездесетін кейбір сөздерді мағынасыз етеді. Мысалы, латиницада үлкен әрпілерімен жазылған «*BILIK*» деген сөз кириллицада «БІЛІК, БІЛИК, БІЛҢК, БИЛІК, БИЛИК, БИЛҢК, БИЛИК, БИЛҢК» деген болады. Осы **9** сөздің тек **2** сөзінің ғана қазақ тілінде мағыналары бар: БІЛІК, БИЛІК.

– (**и**) және (**й**) дыбыстары қатар келетін сөздердің орфографиялық ережелерін дұрыс құрғызбайды. Мысалы, «**калий**» деген химиялық термин кіші әрпілермен де «*kalı*» болып және үлкен әрпілермен де «*KALII*» болып дұрыс жазылмайды. Ал оларды кері кириллицаға аударсақ, кіші әрпімен **4** вариант «калий, калии, калйи, калій», ал үлкен әрпімен **9** вариант «КАЛИЙ, КАЛИИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ, КАЛҢИ» болады.

– бірі дауысты (**и**), ал екіншісі дауыссыз (**й**) дыбыстарының кіші әрпілері электрондық құрылғыларда қолданылатын кодтау (мысалы, 8 биттік ASCII және 16 биттік Unicode) кестелерінде бір кодпен кодталып, **қазақ тілінде ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дұрыс даярлатпайды және дұрыс жұмыс істетпейді.**

– 3 түрлі (**i**), (**и**) және (**й**) дыбыстары бір ғана үлкен **I** әрпімен ғана таңбаланған, сондықтан оларды электрондық құрылғыларда кодтау (мысалы, 8 биттік ASCII және 16 биттік Unicode) кестелерінде бір кодпен кодталып, **қазақ тілінде ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дұрыс даярлатпайды және дұрыс жұмыс істетпейді.**

2. Бекітілген әліпбидің 29-ші жолындағы **Y y [y]** жазбасында орыс тілінен кірген дауысты (**y**) фонемасы оған үндес емес қазақ тілінің дауысты (**ы**) фонемасы таңбалатын латынның **Yy** әрпіне диакритика қосып таңбаланған, мұнда (**ы**) дыбысы езулік, ал (**y**) дыбысы еріндік. Бұл техникалық қате, себебі диакритика арқылы тек үндес дыбыстарды ғана таңбалау керек. Мысалы, үндес (**a**) және (**ә**) дыбыстарының таңбалары **Aa** және **Ää** сияқты. Сонымен қатар, (**y**) дыбысын бұлай таңбалау (**y**) және (**ы**) дыбыстары қатар келген сөздерді оқуды қиындатады. Мысалы, «*жуынуы = jıuınuı*».

3. Бекітілген әліпбидің 31-ші жолындағы **Sh sh** диграфы дауыссыз (**шы**) фонемасын таңбалайды. Бұл техникалық қате, себебі құрамында (**c**) және (**x**) дыбыстары қатар кездесетін сөздер дұрыс жазылмайды. Мысалы, «*асхана = ashana [aııana]*», «*Асхат = Ashat [Aııam]*», «*Жеңісхан = Jeńishan [Жеңіııan]*», «*Күмісхан = Kúııishan [Күміııan]*», «*Шыңғысхан = Shygyııshan [Шыңғыııan]*».


4. Бекітілген әліпбидің 32-ші жолындағы **Ch ch** диграфы дауыссыз (**чы**) фонемасын таңбалайды. Бұл техникалық қате, себебі диграфтағы қолданатын латынның **Cc** әрпі бекітілген әліпби құрамына кірмейді.

5. Қолданыстағы кирилл және бекітілген латын әліпбиінде орыс тілінің дауысты (**и**) фонемасының таңбасы бар. Бұл жүйелік қате, себебі қазақ тілінде дауысты (**и**) дыбысы жоқ. Сондықтан дауысты (**и**) дыбысы қазақ тілінің орфографиясында қайшылықтар тудырды. Мысалы, қазіргі қазақ жазуында (**и**) дыбысына аяқталатын «*би*», «*ми*» сияқты сөздердің тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында «*би+i*», «*ми+i*» болады. Олар “*Қазақ тілінде тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында дауыссызбен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і» жалғауы, ал дауыстыға аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғауы жалғанады*” деген **морфологиялық ережеге** қайшы келеді. Егер (**и**) дыбысын дауыссыз деп есептесек, онда «*би*», «*ми*» деген сөздерде бір де буын болмайды. Бұдан қазақ тілінің орфографиялық ережесі қате немесе тәуелділік жалғау туралы морфологиялық ереже қате деген шығады. Сонымен қатар, дауысты (**и**) дыбысын түбір сөздерде пайдалану “*Қазақ тілінде түбір сөздерде екі дауысты дыбыс қатар кездеспейді*” деген ережеге қайшылық тудырады. Мысалы, құрамында 2 дауысты қатар кездесетін «*тиын*» және «*тииін*» сияқты сөздер бар. Бұл (**и**) дыбысы осындай қайшылықтарды бекітілген әліпбиде де тудырады, себебі онда (**и**) дыбысы үшін жеке таңба қарастырылған. Оларды болдырмау үшін (**и**) дыбысының орнына түбір сөздің жуан немесе жіңішке айтылуына байланысты екі дыбыс

(**ый**) немесе (**ій**) тіркесінің таңбалары сәйкес қойылуы керек, сонда «**тый-ын**» және «**тій-ін**» деп жазылып, буынға дұрыс бөлінеді.

6. Қолданыстағы кирилл және бекітілген латын әліпбиінде орыс тілінің дауысты (**у**) фонемасының таңбасы бар. Бұл жүйелік қате, себебі қазақ тілінде дауысты (**у**) дыбысы жоқ. Әліпбиде (**у**) дыбысын пайдалану (**и**) дыбысы тудырған қайшылықтар сияқтыларды тудырады. Мысалы, «**у**» дыбысына аяқталатын «**бу**» және «**гу**» сөздеріне ереже бойынша тәуелдік жалғауларының үшінші жағында жалғаулар «**бу+сы**» және «**гу+сі**» болуы керек еді, ал іс жүзінде олар «**бу+ы**» және «**гу+і**» деп жазылған.

7. Қолданыстағы кирилл және бекітілген латын әліпбиінде ағылшын тілінің (**w**) фонемасына үндес қазақ тілінің жартылай дауыстының таңбасы жоқ. Бұл жүйелік қате, себебі біз **қазақ тілінде осындай жартылай дауысты бар** екендігін компьютерлік тәжірибе арқылы дәлелдедік (1-Сурет). Оны (**ya**) деп атауды және сөздің құрамында дауыссыз деп есептеуді ұсынамыз. Төменде 1.А-суретте (**а**) және (**ы**) дыбыстарының арасында жартылай дауысты (**ya**) дыбысы бар екендігі көрінеді. Бұл (**ya**) дыбысының артикуляция үрдісінде өте шектелген кедергісі болады, сондықтан ол спектограмма және дыбыстық толқын бойынша дауыстыларға ұқсас, бірақ ол олардан жиіліктің 11-15 КГц аралығында энергияның жоқтымен байқалады, ал 1.Б-суретте жиіліктің 2 КГц және 5 КГц тұсында амплитуданың өзгеруімен және осы жартылай дауыстының амплитудасы (**а**) мен (**ы**) дыбыстарының амплитудаларынан кіші екендігі көрсетілген.



1-Сурет. «тауы» сөзінің фонетикалық сегменттелуі. А – спектограмма, Б – толқын.

Мұнда (**а**) және (**ы**) дыбыстарының арасында жартылай дауысты (**ya**) дыбысы бар екендігі көрінеді, артикуляция кезінде оның өте шектелген кедергісі бар. Сондықтан ол спектограмма және дыбыстық толқындар бойынша дауысты дыбысқа ұқсайды, бірақ ол 11-15 КГц жиілік аумағында энергияның жоқтығымен, 2 КГц және 5 КГц аумағында формантың өзгеруімен және дауысты (**а**) мен (**ы**) дыбыстарына қарағанда (1.Б суретте) амплитуданың айтарлықтай кішілігімен өзгешеленеді.

**Қорытынды.** Бекітілген әліпбидің осындай қателерінің салдарынан қазақ тілінде көптеген *адамдардың аттары, географиялық атаулар, ғылыми терминдер және басқа сөздер* дұрыс жазылмайды да ақпараттық жүйелерде көпмәнді *сұратымдар (запросы-queries)* пайда болатындықтан, олармен, соның ішінде электрондық үкімет (**e gov.kz**), университет (**e university**), банк (**e bank**) **e gov.kz** жүйелерімен, жұмыс істеу мүмкін болмайды. Бұны диверсия деуге болады, себебі олар ақпараттық жүйелер мен деректер базаларын құрған кезде программалаушы немесе оператор жіберген, бірақ кейін түзетілетін техникалық қателер емес. Все письменные продукты на этом латинском алфавите будут содержать подобные ошибки. Сейчас на издание учебников и обучения учителей и преподавателей вузов предусмотрены большие финансовые средства, которые будут потрачены напрасно. Осындай түзетілмейтін қателерді тұдырмас үшін қазақ тілінің латын графикасындағы бекітілген әліпбиді **түбегейлі өзгерту керек**.



### III. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындау.

Кез келген тілдің әліпбиін құру алдында оның дыбыстық жүйесін (құрамын, жіктемесін) айқындап алу керек. Қазақ тілінің кириллица негізіндегі қолданыстағы әліпбиінде **40** дыбыс таңбаланған, солардың ішінде қазақтың **28** төл және **12** орыс тілінен енген кірме дыбыстар бар. Кірме дыбыстардың ішінде **5** дауыссыз (**вы**), (**фы**), (**хы**), (**цы**), (**чы**) дыбыстары адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді жазғанда пайдаланып, қазақ тіліне етене еніп кетті. Мысалы, *Вагнер, Вьетнам, вагон, вакуум, вектор, вето, викторина, вирус, вольт, Иванов, Ирак, интернет, инвестор, институт, университет, универсам, Форд, Франция, факт, файл, физика, факультет, федерация, филармония, фонетика, формула, функция, Хинчин, Хомский, Хонекер, Хорватия, хлор, хром, хроника, Цезарь, Циолковский, Цой, Цейлон, Цюрих, цезий, цемент, цензура, циклотрон, цилиндр, циркуль, цунами, Чад, Чайковский, Чаплин, Челюскин, Черногория, Чехия, Чикаго, Чили, Чита, чуваш.*

Бұл дыбыстардың қазақ тіліне терең енгендігі соншама, тіпті орыс тілін білмейтіндердің артикуляциялайтын (дыбыстайтын) сөйлеу органдары осыларға бейімделіп кетті. Осы кірме дыбыстардың барлығы жұрнақтар мен жалғаулардың құрамына кірмейді де, жаңа сөзжасамдарға және сөзпішіндерге қатыспайды. Сондықтан (**вы**), (**фы**), (**хы**), (**цы**), (**чы**) дауыссыз дыбыстарын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кіргізу керек, оларды қолданғаннан **қазақ тілі зардап шекпейді**, керісінше олар халықаралық терминдердің айтылуы мен жазылуын олардың түпнұсқадағы айтылуына және жазылуына жақындатуға көмектеседі.

Сондай-ақ, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жартылай дауысты (**ya**) фонемасын да кіргізу керек. Ол орыс тілінде жоқ, бірақ ағылшын тіліндер бар және халықаралық фонетикалық әліпбиде (ХФӘ) латынның [**w**] әрпімен таңбаланады, сондықтан оны жаңа әліпбиде осы **W w** деп таңбалау керек. Ал кірме дауысты дыбыстар (**и**) және (**у**) жаңа әліпбиде жеке латын әрпілерімен таңбаланбауы керек. Оларды қазақ тілінде өздеріне үндес дауысты (**і**) и (**ұ**) фонемалардың аллофондары деп қарастырып, тек халықаралық терминдерді айтқанда (транскрипциясында) ғана дыбыстауға болады. Мысалы, *institut, investor, universitet*. Ал қалған орыс тілінің (**ё**), (**э**), (**ю**), (**я**), (**ш**) дыбыстары қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін болып, латиницадағы жаңа әліпбиді құрған кезде қолданылмайды.

**Қорытынды.** Қазақ тілінің жазуын латын графикасына аудару жөніндегі реформаға **33** дыбыс, олардың ішінде **9** дауысты фонемалар (**а**), (**ә**), (**е**), (**о**), (**ө**), (**ұ**), (**ү**), (**ы**), (**і**) және **24** дауыссыз фонемалар (**бы**), (**вы**), (**гі**), (**ғы**), (**ды**), (**жы**), (**зы**), (**йе**), (**кі**), (**қы**), (**лы**), (**мы**), (**ны**), (**ың**), (**пы**), (**ыр**), (**сы**), (**ты**), (**уа**), (**цы**), (**фы**), (**хы**), (**чы**), (**шы**) бар. Сонымен қатар, **2** дауысты (**і**) және (**ұ**) фонемаларының сәйкес аллофондары (**и**) және (**у**) тек халықаралық терминдерді оқыған кезде ғана ескеріледі, оларға жеке әрпілер берілмейді.

### IV. Қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиі.

Бекітілген әліпбиде қолданбай қалған **Х х** латын әрпін дауыссыз дыбыстар жұбы (**кс**) мәнін беріп және оны қазақ тілінің жазбасына ешқандай зиян тигізбей кіргізуді ұсынамыз. Бұл халықаралық терминдер мен атаулардың қазақ тіліндегі жазылуын олардың түп нұсқасындағы жазылуымен бірдей етеді. Мысалы, *axelerat, axis, box, expert, export, maxitum, Mexico, mixer, Oxford, taxi, Xerox.*

Бекітілген әліпбиде қазақ тілінің кейбір төл дауыстылары мен дауыссыздарын таңбалауға бір ғана диакритикалық таңба - **акут** қолданылған. Бұл кейбір сөздердің жазбасын оқуды қиындатады, мысалы, *сауығуы = sauyǵu.* Әдетте акут дауысты дыбыстың әрпісінің үстіне буын екпінін (ударение) көрсету үшін жазылады. Сондықтан латын графикасындағы қазақ мәтінін оқуды жеңілдету үшін әртүрлі дыбыстарға әртүрлі диакритикалық таңбалар қолдануды ұсынылады: дауысты (**ә**), (**ө**), (**ү**) дыбыстарына әрпі үсті екі нүкте - `; дауыссыз (**ың**) дыбысына әрпі үсті тильда - ~ және дауыссыз (**ғы**) мен (**жы**) дыбыстарына әрпі үсті қарғаша (птичка) - ˇ сияқты әрпі үсті, ал дауыссыз (**чы**) мен (**шы**) дыбыстарына әрпі асты үтір - , қолдану.

Бекітілген әліпбидегі жоғарыда көрсетілген қателерді түзетіп және қазақ тілінде ешқандай орфографиялық қайшылықтар тудырмайтын әліпби **1-Кестеде** ұсынылады, ал кириллицадағы, бекітілген латиницадағы және ұсынылатын латиницадағы әліпбилерде жазылған мысал **2-Кестеде** көрсетіледі.

#### **V. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту.**

Әліпби қабылдағаннан кейін қазақ тілінің жаңа орфоэпиясы мен орфографиясын қалыптастыру керек. Алайда, оны қалыптастыруға кіріспестен бұрын, қазақ тілінің кириллицадағы жазбасын **Ъъ** жуан және **Ьь** жіңішке белгілерінен арылту керек, сонымен қатар, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін дыбыстарды таңбалайтын **Ии, Ёё, Ээ, Уу, Юю, Яя, Щщ** әрпілерінен де арылту ережелерін анықтау қажет. Бұл **латиницадағы қазақ орфографияның** дәл, түсінікті, қайшылықсыз, ешқандай ерекше жағдайсыз толық болуы үшін жасалынады.

Кириллицадағы жазбаларды керексіз әрпілерден арылту ережелерін жасау үшін қазақ тілінің төл сөздеріне тән негізгі заңдылықтарды: *сингармонизм, дауыстылардың дауыссыздармен кезектесі* (міндетті) *дауыссыздардың дауыстылармен кезектесі* (міндетті емес, егер екінші дауыссыз келесі буынның немесе біріккен сөздегі басқа сөздің басы болса) ескеру қажет. Бірақ басқа тілден енген кірме терминдерде, бұл заңдылықтар орындалмауы мүмкін, сондықтан оларды керексіз әрпілерден арылту үшін арнаулы ережелер құрылуы керек. Тек сонан кейін қазақ жазуын кирилл графикасынан латын графикасына **автоматты аударатын компьютерлік программа - конвертор** жасалып, сараптамадан өтуі керек. Ол кирилл графикасында шыққан ақпараттық цифрлық ресурстарды латын графикасына автоматты аудару үшін қолданылады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту үшін, оның жазуын латын графикасына толық көшіруге қажетті барлық материалдар (*дыбыстық жүйе, әліпби, орфоэпиялық емлелер мен сөздік, орфографиялық емлерер мен сөздік, салалық терминологиялық және түсіндірме сөздіктер, ономастикалық және топонимикалық сөздіктер*) **мемлекеттік стандарттау нысандары** болады деп есептеу керек. Осындай стандарттарды қабылдау қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде толық қалыптастырып және дамытып, оның сөйлеу және жазу ережелерінің бірегейлігін және сапасын арттыруға тікелей әсер етеді. Себебі олар мемлекеттік бақылау немесе сертификаттау органдарының жетекші жұмыс құжаттарына айналады: *егер мемлекеттік тілде стандарттау нысандары болатын бұқаралық ақпараттық құрадарында, баспа немесе цифрлық өнімдердерде жарияланған және халыққа тарататын басқа да материалдар мен жарнамалар стандарттар талабына сәйкес келмейтін болса, онда оларды өндірушілерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға болады.*

Қажетті мемлекеттік стандарттарды дайындау үшін ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (ары қарай - ТРМК) айтылған мәселелерге қатысты «Мемлекеттік тіл» атты арнайы Техникалық комитет құруына болады. Бұл қазақ тіліне қатысты даярланған стандарттарды көп деңгейлі сараптамадан ресми өткізуге мүмкіндік береді, себебі оларды сараптауға мемлекеттік органдар мен ұйымдар, білім мен ғылым мекемелері және түрлі қоғамдық ұйымдар қатыса алады. Осы стандарттарға қатысты түскен сараптамалар қорытындыларын ТРМК жанындағы арнаулы комиссия талқылайды. Егер сарапталған стандарт толық және сапалы болса, онда оның қолдану мерзімі және келесі тексерілетін мерзімі бекітіледі. Бұл мемлекеттік тілінде болып жатқан әрбір өзгерістерді ҚР Президентінің Жарғысына байлаудан босатады және қазақ тілінің даму сапасын қадағалуды нақтылайды және күшейтеді.

**1-Кесте. Қазақ тілінің дыбыстары және олардың атаулары мен таңбалануы.**

| №  | Жаңа әліпби | ХФӘ    | Unicode коды | Істегі әліпби | Түсіндірме                            |
|----|-------------|--------|--------------|---------------|---------------------------------------|
| 1  | <b>A a</b>  | [ɑ]    | 0041 0061    | А а           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 2  | <b>Ä ä</b>  | [æ]    | 00C4 00E4    | Ә ә           | Неміс, түркмен сияқты                 |
| 3  | <b>B b</b>  | [b]    | 0042 0062    | Б б           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 4  | <b>C c</b>  | [tc]   | 0043 0063    | Ц ц           | Ағылшын, француз және басқалар        |
| 5  | <b>Ç ç</b>  | [tʃ]   | 00C7 00E7    | Ч ч           | Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты     |
| 6  | <b>D d</b>  | [d]    | 0044 0064    | Д д           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 7  | <b>E e</b>  | [e]    | 0045 0065    | Е е           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 8  | <b>F f</b>  | [f]    | 0046 0066    | Ф ф           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 9  | <b>G g</b>  | [g]    | 0047 0067    | Г г           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 10 | <b>Ğ ğ</b>  | [ɣ]    | 01E6 01E7    | Ғ ғ           | Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты     |
| 11 | <b>H h</b>  | [h]    | 0048 0068    | Х х, hh       | Ағылшын, француз және басқалар        |
| 12 | <b>I ı</b>  | [ɯ]    | 0049 0131    | Ы ы           | Түрік тілі сияқты                     |
| 13 | <b>İ i</b>  | [ɪ, i] | 0130 0069    | І і           | Орыстың (и) дыбысы жеке               |
| 14 | <b>J j</b>  | [ʒ]    | 004A 006A    | Ж ж           | Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік     |
| 15 | <b>K k</b>  | [k]    | 004B 006B    | К к           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 16 | <b>L l</b>  | [l]    | 004C 006C    | Л л           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 17 | <b>M m</b>  | [m]    | 004D 006D    | М м           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 18 | <b>N n</b>  | [n]    | 004E 006E    | Н н           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 19 | <b>Ň ñ</b>  | [ɲ]    | 00D1 00F1    | Ң ң           | Түркмен сияқты                        |
| 20 | <b>O o</b>  | [ɔ]    | 004F 006F    | О о           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 21 | <b>Ö ö</b>  | [ø]    | 00D6 00F6    | Ө ө           | Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты     |
| 22 | <b>P p</b>  | [p]    | 0050 0070    | П п           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 23 | <b>Q q</b>  | [q]    | 0051 0071    | Қ қ           | Qazaq                                 |
| 24 | <b>R r</b>  | [r]    | 0052 0072    | Р р           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 25 | <b>S s</b>  | [s]    | 0053 0073    | С с           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 26 | <b>Ş ş</b>  | [ʃ]    | 015E 015F    | Ш ш           | Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты     |
| 27 | <b>T t</b>  | [t]    | 0054 0074    | Т т           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 28 | <b>U u</b>  | [ʊ, u] | 0055 0075    | Ү ү           | Орыстың (у) дыбысы жеке таңбаланбайды |
| 29 | <b>Ü ü</b>  | [y]    | 00DC 00FC    | Ү ү           | Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты     |
| 30 | <b>V v</b>  | [v]    | 0056 0076    | В в           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |
| 31 | <b>W w</b>  | [w]    | 0057 0077    |               | Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған       |
| 32 | <b>X x</b>  | [ks]   | 0058 0078    |               | expert, taxi, XEROX, maximum          |
| 33 | <b>Y y</b>  | [j]    | 0059 0079    | Й й           | Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік     |
| 34 | <b>Z z</b>  | [z]    | 005A 007A    | З з           | ХФӘ-дегі және сияқты                  |

Кез келген әрпіні экранға шығару үшін олардың кодтарын теріп, **alt+X** басу керек.

## 2-Кесте. Қазақстан Республикасының Ел Ұраны

| <b>Қолданыстағы әліпбиде</b><br><i>Музыкасы: Ш. Қалдаяқов</i><br>Сөзі: Ж. Нәжімеденов,<br>Н. Назарбаев                                                                                          | <b>Бекітілген әліпбиде</b><br><i>Mýzykasy: Sh. Qaldajaqov</i><br>Sózi: J. Nájimedenov,<br>N. Nazarbaiev                                                                                                         | <b>Usynylğan әліpbijde</b><br><i>Muzykasy: Ş. Qaldajaqov</i><br>Sözi: J. Năžimedenov,<br>N. Nazarbajev                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алтын күн аспаны,<br>Алтын дән даласы,<br>Ерліктің дастаны,<br>Еліме қарашы!<br>Ежелден ер деген,<br>Даңқымыз шықты ғой.<br>Намысын бермеген,<br>Қазағым мықты ғой!                             | Altyn kún aspany,<br>Altyn dán dalasy,<br>Erliktiń dastany,<br>Elime qarashy!<br>Ejelden er degen,<br>Dańqymyz shyqty <b>ǵoi</b> .<br>Namysyn bermegen,<br>Qazaǵym myqty <b>ǵoi</b> !                           | Altyn kün aspany,<br>Altyn dän dalasy,<br>Erliktiň dastany,<br>Elime qaraşy!<br>Eželden er degen,<br>Dańqymyz şyqty <b>ǵoj</b> .<br>Namysyn bermegen,<br>Qazaǵym myqty <b>ǵoj</b> ! |
| <b>Қайырмасы:</b><br>Менің елім, менің елім,<br>Гүлің болып егілемін,<br>Жырың болып төгілемін, елім!<br><b>Туған</b> жерім менің –<br>Қазақстаным!                                             | <b>Qaiymasy:</b><br>Meniń elim, meniń elim,<br>Gúliń bolyp egilemin,<br>Jyryń bolyp tógilemin, elim!<br><b>Týǵan</b> jerim meniń –<br>Qazaqstanym!                                                              | <b>Qajymasy:</b><br>Meniň elim, meniň elim,<br>Güliň bolyp egilemin,<br>Žyryň bolyp tögilemin, elim!<br>Tuwǵan žerim meniň –<br>Qazaqstanym!                                        |
| Ұрпаққа жол ашқан,<br>Кең байтақ жерім бар.<br>Бірлігі жарасқан,<br><b>Тәуелсіз</b> елім бар.<br>Қарсы алған <b>уақытты</b> ,<br>Мәңгілік досындай.<br>Біздің ел бақытты,<br>Біздің ел осындай! | Urpaqqa jol ashqan,<br>Keń baitaq jerim bar,<br>Birligi jarasqan,<br><b>Táýelsiz</b> elim bar<br>Qarsy alǵan <b>yaqytty</b> ,<br>Máńgilik <b>dosyndai</b> ,<br>Bizdiń el baqytty,<br>Bizdiń el <b>osyndai</b> ! | Urpaqqa žol aşqan,<br>Keń baytaq žerim bar,<br>Birligi žarasqan,<br>Täwelsiz elim bar,<br>Qarsy alǵan waqytty,<br>Mäńgilik dosyndaj,<br>Bizdiń el baqytty,<br>Bizdiń el osyndaj!    |

Осыдан қолданыстағы кириллицадағы әліпбиде де және бекітілген латиницадағы әліпбиде де ҚР-ның Ел Ұранының мәтінінде жоғарыда айтылған уәждерге байланысты қателер бар екендігін байқауға болалы, олар **жуан курсивпен** ерекшелінген.



## МЕНІҢ ҰСЫНЫСЫМА САРАПШЫЛАРДЫҢ СЫН-ПІКІРЛЕРІНЕ ЖАУАП

| №                                                                                                                                                   | Сарапшылардың сын-пікірлері                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Автордың жауабы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» ҰҒПО Орфография басқармасының бапшысы, Филология ғылымының кандидаты, Г.Мамырбекованың сараптамасына жауап</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|                                                                                                                                                     | А.Шәріпбайдың ұсыныстары қазақ жазу теориясының принциптеріне қайшы келеді                                                                                                                                                                                                                                              | Қайсы ұсыныстар және қандай принциптер көрсетілмеген. Сондықтан бұл мағынасы жоқ тұжырым.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 1                                                                                                                                                   | Латын әліпбиінің жаңа емле ережесінде <b>и</b> дауыссыз дыбыс ретінде берілген және сөздің шебінде <b>ый, ій</b> дыбыс тіркестері <b>и</b> таңбасымен таңбалатыны анық жазылған. Сондықтан бір дыбысқа екі таңба арнауың қажеті жоқ.                                                                                    | Дыбыстың дауысты немесе дауыссыз екендігі тілдің емле ережесінде (орфографиясында) емес оның фонетикасында артикуляциялық (жасалым) белгілері арқылы анықталады. Менің ұсынысымда қазақ тілінде ( <b>и</b> ) дыбысы жоқ делінген, бірақ оны қазақтың дауысты ( <b>і</b> ) дыбысының аллофоны ретінде (жеке әрпі бермей) қарастырып, тек халықаралық терминдерді ( <i>internet, institut, investor, ...</i> ) жазғанда ғана дыбыстауға (транскрипциялауға) болады делінген. Сондықтан ( <b>и</b> ) дыбысын орфография бойынша дауыссыз деп қабылдай салу қате, себебі оның артикуляциясы (айтылымы) да, акустикасы (естілімі) да дауысты дыбысқа тән. Бұл сарапшының дыбыстың дауысты немесе дауыссыз болуы оның артикуляциялық белгілеріне байланысты деген фонетика негізін мойындамайтынын көрсетеді.                                         |
| 2                                                                                                                                                   | Кирил жазуында <b>х</b> дыбысы екі түрлі таңбамен берілген болатын: <b>х</b> және <b>h</b> . Бұл екі түрлі таңбаның мағына ажыратушылық рөлі жоқ. Сондықтан бекітілген әліпбиде бір ғана <b>h</b> таңбасы алынды.                                                                                                       | Мен ұсынған әліпбиде қазақтың ( <b>хы</b> ) дыбысы латынның <b>Н h</b> әрпісімен таңбаланған. Сарапшы әрпі мен дыбысты ажырата алмай отыр, себебі ол латынның <b>Хх</b> әрпі мен <b>Нh</b> әрпін орыс тілінен енген ( <b>хы</b> ) дыбысы мен арап тілінен енген ( <b>хи</b> ) дыбысын араластырып отыр, оларды бір-бірімен ешқашан алмастыруға болмайды. Сондықтан сарапшының тұжырымы не үшін жазылғаны түсініксіз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|                                                                                                                                                     | А.Шәріпбайдың көрсетіп отырған мысалдары кірме сөздер: <i>xerox, maximum, Oxford</i> т.б. Бұл сөздердің құрамындағы <b>х</b> таңбасы <b>кс</b> тіркесін бергенмен, қазақтың төл сөздері мен орыс тілінен енген сөздердерде ондай қызмет атқара алмайды. Мысалы, <i>teri sexu</i> (тері цехы), <i>jihaz</i> (жиһаз) т.б. | Мен бекітілген әліпбиге кірмей қалған латынның <b>Х х</b> әрпін ( <b>кс</b> ) дыбыс тіркесін таңбалап <i>xerox, maximum, export, Oxford</i> сияқты халықаралық терминдерді жазуда қолдануды ұсындым, одан қазақ тілі ешқандай зиян шекпейді. Сонымен қатар, мен ( <b>цы</b> ) дыбысын қазақтың дыбыстық жүйесіне кіргізуді негіздеп (ол адам аттарында, географиялық атауларда және ғылыми терминдерде жиі қолданылады: <i>Цезарь, Циолковский, Цой, Цейлон, Цюрих, цезий, цемент, цензура, циклотрон, цилиндр, циркуль, цунами</i> және т.б.), оны бекітілген әліпбиде қолданылмай қалған латынның <b>С с</b> әрпісімен таңбалауды ұсынғанмын. Сондықтан, сарапшының мысалдары мен ұсынған әліпбиде <b>«teri cehy (тері цехы)», «jyjhaz (жиһаз)»</b> болып жазылады. Бұл оның мен ұсынғанды бұрмалап, өз-өзіне қайшылық тудырғанын дәлелдейді. |
| 3                                                                                                                                                   | Халықаралық фонетикалық әліпбидегі <b>Ww</b> таңбасы барлық сөздерді таңбалауға ыңғайлы емес. Мәселен төл сөздеріміз <i>taw (may), qwanw (қуану), wuz (уыз)</i> , кірме сөздер <i>wuniversity (университет), wrolog (уролог)</i> түрінде жазылады.                                                                      | <b>Ww</b> халықаралық фонетикалық әліпбидің таңбасы емес, ол бекітілген әліпбиде қолданылмай қалған латын әрпі. Мен <b>Ww</b> әрпін қазақ тілінің қолданыстағы кирилл және бекітілген латын әліпбиінде таңбаланбай қалған қазақтың жартылай дауысты ( <b>ya</b> ) дыбысы қазақ тілінде бар екендігі компьютерлік тәжірибе арқылы дәлелденіп, оның спектрограммасы мен толқыны көрсетілген. Мен ұсынған әліпбиде сарапшының мысалдары былай жазылады: <b>taw, quwanuw, uwyz, universitet, urolog</b> . Ал орыстың дауысты ( <b>y</b> ) дыбысын тек халықаралық терминдеді ( <i>universitet, universam, ...</i> ) жазғанда ғана дыбыстауға болатындай етіп, қазақтың дауысты ( <b>y</b> )                                                                                                                                                         |

|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | дыбысының аллофоны деп (жеке әрпі бермей) қабылдау ұсынылған. Осылар сарапшының тұжырымдары қате екендігін және латынның <b>Ww</b> әрпін орыс тілінің дауысты ( <b>у</b> ) дыбысын таңбалауға арналған деп, менің ұсынғанымды бұрмалағанын дәлелдеп отыр.                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 4 | А.Шәріпбай <b>Ц</b> таңбасын өзі ұсынған әліпби құрамына енгізген. Алайда Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл қазына орталығы» тарапынан ұйымдастырылған сынама-саулнама (апробация) және үгіт-насихат жұмыстары барысында кірме дыбыстар таңбасын әліпби құрамынан шығарып тастау қажет деген... . Сондықтан <b>Ц</b> -ны әліпби құрамына енгізудің қажеті жоқ. | Менің ұсынысымда <b>Ц</b> таңбасын емес, онымен қолданыстағы кирилл әліпбиінде таңбаланған қазақ тіліне енген дауыссыз ( <b>цы</b> ) дыбысы туралы айтылған. Мен дауссыз ( <b>цы</b> ) дыбысын бекітілген әліпбиде қолданылмай қалған латынның <b>С с</b> әрпісімен таңбалауды ұсынғанмын. Ол қазақ жазуында ешқандай қайшылық тудырмайды да, қазақ тіліне зиян келтірмейді. Ал ол туралы «Тіл қазына орталығы» өткізген апробацияның керегі жоқ болған және оған қаржы бекер жұмсалған, себебі оның шешімінде ешқандай мағына жоқ. |
| 5 | ... әліпбиді ағылшын тілі мен компьютердің жүйесіне емес, қазақ тілінің заңдылықтарына бағындыру керек.                                                                                                                                                                                                                                                | Менің ұсынғаным қазақ тілінің қандай заңдылықтарына қайшы екендігі көрсетілмеген, сондықтан сарапшының пікірлерінде ешқандай ғылыми негіз жоқ.<br>Ал <b>компьютер жүйесін алсақ</b> , егер әліпбидегі таңбаның компьютерде қолданылатын <b>кодтау кестесінде</b> болмаса, онда бұл <b>әліпби ешкімге керек емес</b> . Себебі қазіргі жаппай цифрландыру заманында, ондай әліпбимен мәтінді өңдеу тұрмақ, оны компьютерге ендіру де мүмкін емес.                                                                                     |

| Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры,<br>филология ғылымының кандидаты, Л.Ә. Еспекованың сараптамасына жауап |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1)                                                                                                                                         | ... «Хх» таңбасы мақұлданған нұсқада түсіп қалған жоқ, оның орнына «Нн» таңбасы енгізілді. Қазақ тілінде орыс тілінен енген Х мен араб тілінен енген <b>h</b> дыбыстарының айтылу ерекшеліктері бірдей болғандықтан, жаңа әліпбиге біреуі ғана енген.                                                                                                                                                                          | Бұл сарапшының әрпі мен дыбысты ажырата алмайтындығын дәлелдейді, себебі ол латынның Хх және Нн әрпілерін орыс тілінен енген (хы) және араб тілінен енген (xi) дыбыстарымен шатастырып отыр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 1)                                                                                                                                         | ... <b>Ww</b> таңбасы бұл қазақ тілінің табиғатына үйлесе қоймайды. Бұл таңбамен қолданылатын төл сөздеріміз де жоқ.<br>Әліпби жасауда ағылшын тілінің заңдылықтары емес, ең бірінші қазақ тілінің ішкі заңдылықтары, емле ережесі негізге алынуы керек.                                                                                                                                                                       | Менің ұсынысымда ағылшын тілінің ешқандай заңдылықтары қолданылмаған, керісінше қазақ тілінің <b>«Тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында дауыссызбен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і» жалғауы, ал дауыстыға аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғауы жалғанады»</b> деген ережесіне байланысты Кирилл және бекітілген латын әліпбиінде кірме (у) дауыстысымен аяқталған «бу - b'у» және «гу - g'у» деген қазақтың төл сөздерінде тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында жалғаулар «бу+сы – bu+sy» және «гу+сі – g'у+si» болмай, неге «бу+ы – bu+y» және «гу+і – g'у+i» деп жалғанады деген қайшылықтарды зерттеп, компьютерлік тәжірибе арқылы қазақ тілінде жартылай дауысты (ya) дыбысы бар екендігін дәлелдеп, оны латынның <b>Ww</b> әрпісімен таңбалау ұсынылған. Бұл көптеген қазақтың төл сөздерін және олардың жіктелулерін дұрыс жазуға мүмкіндік береді: aw+y, uw+y, sabaw+y, suw+y, taw+y, tw+y. Сондықтан сарапшының <b>Ww</b> таңбасы туралы айтқанында ешқандай ғылыми мағына жоқ. |
| 2)                                                                                                                                         | А.Шәріпбай ... дауысты ( <b>и</b> ) фонемасы мен дауыссыз ( <b>й</b> ) фонемасы « <b>І</b> » әрпімен таңбаланғанын айтады. Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған ережеде ( <b>и</b> ) дауыстылар қатарында емес, дауыссыздар тобында ғана қарастырылады. Яғни, « <b>и</b> » лауысты фонемасы емес, таңбаның қызметін атқарады. Сондықтан тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес « <b>и</b> » және « <b>й</b> » бір таңбамен берілген. | Қандай ғылыми негіздемен орыстың дауысты ( <b>и</b> ) дыбысы дауыссыз деп дәлелденді? Ондай дәлел жоқ, Қазақ тілінің қандай ішкі заңдылықтары бойынша ( <b>и</b> ) және ( <b>й</b> ) дыбыстары бір таңбамен таңбаланады?<br>Ондай заңдылықтар да жоқ. Бұлар сарапшы тұжырымдарының ешқандай ғылыми мағыналары жоқ екендігін көрсетеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 3)                                                                                                                                         | Зерттеуші «... әліпбиге (Вы, Фы, Чы, Цы, Чы) дауыссыз дыбыстарын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне енгізу керек, оларды қолданғаннан қазақ тілі зиян шекпейді...» деген. Жалпы бұл таңбалар мақұлданған әліпбиде бірілген. Сондықтан бұл таңбаларға қатысты сөз болмауы керек.                                                                                                                                                   | Табиғи (ағылшын, орыс, қазақ ...) тілдерінің әліпбилері олардың дыбыстық жүйесіне негізделеді. Сондықтан ( <b>Вы, Фы, Чы, Цы, Чы</b> ) дыбыстары қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындау үшін ғана көрсетілген.<br>Ал сарапшы бекітілген әліпбиде <b>Цы</b> дыбысы жоқ екенін көрмей отыр, мен оны бекітілген әліпбиде қолданылмай қалған латынның <b>Сс</b> әрпімен таңбалауды ұсындым.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 4)                                                                                                                                         | «... қазақ тілінің кириллицадағы жазбасында <b>ь</b> жуан және <b>Ь</b> белгілерінен арылу керек. Сонымен қатар қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін дыбыстарды таңбалайтын И, Ё,, Э, У, Ю, Я, Щ әрпілерінен арыл ережелерін анықтау қажет» деген ойды айтты. Бірақ бұл мәселелердің бәрі мақұлданған әліпби ережесіне толығымен жүзеге асырылған.                                                                        | Сарапшының бұл тұжырымы ақиқат емес, себебі ( <b>и</b> ) және ( <b>у</b> ) дыбыстары бекітілген әліпбиге кірген. Ал орфографияға келсек, мен қазақ тілінің жуан және жіңішке белгілері мен керексіз кірме дыбыстарды таңбалайтын әрпілерден айырылған <b>кириллицадағы өтпелі орфография</b> жасау керектігін ұсындым.<br>Орфографияны бірден латын графикасында жасау көптеген түсінбеушіліктер мен қателерді тудырады. Мысалы, Орфографиялық жұмыс тобы көп қаржы жұмсап жасаған емле ережелерінде қателер өріп жүр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|                                                                                                                                            | «... 3 түрлі (і), (и) және (й) дыбыстары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Сарапшы бекітілген әліпбиде 3 түрлі ( <b>і</b> ), ( <b>и</b> ) және ( <b>й</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                           |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5) | бір үкен әрпімен таңбаланған» деген ойды кездестіріеміз. Бұл пікірге де қосылуға болмайды. Қазақ тіліне тән (і) дыбысының таңбасы бөлек.                                                                                                                                                                                                                                                 | дыбыстары бір ғана үлкен «І» таңбаланғанын көрмей отыр, яғни ол менің жазғанымды бұрмалап отыр. Ескертпе: <b>Бұл жағдай ақпараттық жүйелерді дұрыс жасауға немесе дұрыс қолдануға жол бермейді.</b>                       |
| 6) | Мақұлданған әліпби, оның ережелері қазақ тілінің заңдылықтарына толық сай келеді. Тіліміздің дәстүрге айналған тілдік нормалары толығымен сақталған. ... Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған әліпби барлық талаптарға сай. Сондықтан көптеген тілші ғалымдардың сараптамасынан өткен , ғылыми тұжырымдалған әліпби және оның ережелері өзнеріс енгізуден еш қажеттілігі жоқ деп ойлаймын | Қазақ тілінің қандай заңдылықтары сай екендігі айтылмаған. Тіліміздің қандай нормалары дәстүрге айналғандығы және әліпбиге қандай талаптар қойылғандығы да көрсетілмеген. Сондықтан сарапшының барлық тұжырымдары жалған. |

**QAZAQSTAN  
RESPYBLIKASY  
MÁDENIET JÁNE SPORT  
MINISTRLOGI**



**МИНИСТЕРСТВО  
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Елшілер, Мәжіліс Ел даңғылы, 8-44,  
"Астана-Кент" ғимараты, № 15 кіребнісі,  
т.л: 8(7172) 74 01 07, факс: 8(7172) 74 04 54  
e-mail: ksm@minsk.gov.kz

010000, қала Нұр-Сұлтан,  
Елшілер район, Әрестеу Министрі Ел даңғылы,  
қала "Доминион" ғимараты № 15,  
т.л: 8(7172) 74 01 07, факс: 8(7172) 74 04 54  
e-mail: ksm@minsk.gov.kz

25.09.2019 ж.  
№ 13-05-09/155/ЖТ-Ш-4222,1-1

**А. Шәріпбай**  
**Нұр-Сұлтан қаласы,**  
**Достық көшесі,**  
**12-үй 27-пәтер**  
sharalt@mail.ru

**Құрметті Алтынбек Шәріпбай!**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Сіздің Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың атына жолдаған хатыңызды мұқият қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстарын үйлестіруші орган ретінде ағымдағы жылғы 18 қыркүйекте Сіздің қатысуыңызбен өткен кездесуде Елбасы Жарлығымен бекітілген әліпби туралы пікіріңіз тыңдалды. Кездесуге қатысқан Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – *Ұлттық комиссия*) жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты А.М. Фазылжанова жаңа әліпбиге және Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған емле ережелері жобасына қатысты ойларын нақты ғылыми принциптерге сәйкес түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар Сіздің бұған дейінгі ұсынған латыннегізді қазақ әліпбиі нұсқасымен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты таныс екендігі және қазіргі жаңа нұсқаның түркі тілдес елдердің әліпбиі негізінде әзірленгені талқыланды.

Сондай-ақ қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстарын үйлестіруші уәкілетті орган ретінде осы мақсатта атқарылып жатқан жұмыстар жөніндегі толық ақпарат а.ж. 4 мамырдағы шығыс хатпен (№ 13-05-09/155/ЖТ-Ш-4222,1) Сізге жолданған болатын. Хатта Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығымен өзгеріс енгізілген жаңа қазақ әліпбиінің нұсқасын көпшілік қауымға таныстыру, насихаттау жұмыстары бойынша ақпарат берілген.

Дегенмен әртүрлі саладағы азаматтардан латын графикасына көшіру жұмыстарына қатысты ұсыныстар әлі күнге дейін келіп түсуде және олардың әрбірін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Шайхұлтан Шаяхметов

035001

атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары мүкнәт қарап, әерделеуде.

Сондай-ақ емле ережелерін жетілдіруде, халықаралық терминдерді қабылдау принциптерін қалыптастыруда, клавиатура әзірлеуде жекелеген азаматтар тарапынан берілген кейбір маңызды ұсыныстар ескерілуде.

Осы ретте әліпбиді жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданған жағдайда Сіз жолдап отырған ұсыныстар да тиісінше қаралатынын назарыңызға ұсынамыз.

Сонымен қатар өткен кездесу қорытындысы бойынша Сіз ұсынған әліпбиді тағы бір қарап, талдау жасау мақсатында ғалым-сарапшыларға жолданып, алынған пікірлер бұған дейінгі хатпен қоса тіркеліп отыр.

Қосымша: 7 парақ (ғалым-сарапшылардың пікірлері және а.ж. 4 мамырда (№ 13-05-09/155//ЖТ-Ш-4222,1) Сіздің атыңызға жолданған хат).

**Вице-министр**



**Н. Дәуешов**

*А. Қайсар, 740157*



## А.Шәріпбайдың «Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиі туралы» ұсынысына

### ПІКІР

Қазіргі таңдағы ақутты әліпбидің нұскасы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің арнайы Жарлығына сәйкес бекітілген. Бекітілген әліпбидің құрамындағы таңбаларға қатысты қоғамда сын пікірлер мен ұсыныстар жиі айтылды, айтылып та жатыр. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы тарапынан республика бойынша жүргізілген сынама-сауалнама (апробация), үгіт-насихат жұмыстары барысында ең көп ұсыныс пен сын пікір осы бекітілген әліпби құрамына қатысты болды. Әліпбидегі кемшіліктерді түзетуге бағытталған нақты ұсыныстар Үкімет жанынан құрылған Ұлттық комиссия отырысында Үкіметке берілген болатын. Демек, әліпбиді жетілдіру мәселесі тілші ғалымдар мен Орфографиялық топ мүшелері тарапынан бірнеше рет көтерілді. А.Шәріпбайдың айтып отырған мәселелерінің басым көпшілігі Орфографиялық топтың кеңейтілген отырыстарында ғалымдар тарапынан да айтылып, талқыланды.

А.Шәріпбайдың әліпбиге қатысты пікірлерін жоғары бағалаймын. Ғалымның ұсынып отырған әліпбиінің ең ұтымды тұсы – жалпытүркілік ортақ латын әліпбиіне ұқсастығы. Десек те, А.Шәріпбайдың кейбір таңбаларға қатысты ұстанымы қазақ жазу теориясының принциптеріне қайшы келеді:

1. Латын әліпбиіндегі жана емле ережесінде и дауыссыз дыбыс ретінде берілген және сөздің барлық шебінде ый, ій дыбыс тіркестері и таңбасымен таңбаланатыны анық жазылған. Сондықтан бір дыбысқа екі таңба арнаудың қажеті жоқ.

2. Кирил жазуында х дыбысы екі түрлі таңбамен берілген болатын: х және һ. Бұл екі түрлі таңбаның мағына ажыратушылық рөлі болған жоқ. Сондықтан бекітілген әліпбиде бір ғана һ таңбасы алынды. Ә.Шәріпбайдың көрсетіп отырған мысалдары кірме сөздер: *xerox*, *maximum*, *Oxford* т.б. Бұл сөздердің құрамындағы х таңбасы кс тіркесін бергенмен, қазақтың төл сөздері мен орыс тілінен енген сөздерде ондай қызмет атқара алмайды. Мысалы: *тері зеху* (*тері цехы*), *жіхаз* (*жиһаз*) т.б.

3. Халықаралық фонетикалық әліпбидегі Ww таңбасы барлық сөздерді таңбалауға ыңғайлы емес. Мәселен төл сөздеріміз *taw* (*тау*), *qwanw* (*қуану*), *wuz* (*уыз*), кірме сөздер *universitet* (*университет*), *wrolog* (*уролог*) түрінде жазылады. Орфографиялық топтың кеңейтілген отырыстарында Ww таңбасының дыбысталуы мүлде қазақ жазуына сәйкес келмейтіндігі және у дыбысын бұл таңбамен беруге болмайтындығы ағылшын тілі маманы тарапынан айтылды, маманның айтуынша ағылшын тілінде бұл таңбаның дыбысталуы да, функциясы да бөлек.

4. А.Шәріпбай Ц таңбасын өзі ұсынған әліпби құрамына енгізген. Алайда Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» орталығы тарапынан ұйымдастырылған сынама-сауалнама (апробация) және үгіт-насихат жұмыстары барысында кірме дыбыстар таңбасын әліпби құрамынан шығарып тастау қажет деген пікір басым болды. Бекітілген әліпби құрамындағы ч таңбасы артық деген ұсыныс көп айтылды, тіпті қазақ тіліндегі 28 дыбысқа ғана таңба арнауымыз керек деген пікір басымдық танытты. Сондықтан ц-ны әліпби құрамына енгізудің қажеті жоқ.

Қорыта айтқанда, әліпбиді ана тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес түзуіміз қажет. Әліпбиді ағылшын тілі мен компьютердің жүйесіне емес, қазақ тілінің заңдылықтарына бағындыру керек.

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына»  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы  
Орфография басқармасының басшысы,  
филология ғылымдарының кандидаты

Г.Мамырбекова

*Г. Мамырбекованың ұсыныс  
рәсімділігі.*

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және тілдерді дамыру*



**А.Ә.Шәріпбайдың «Қазақ тілінің латын графикасындағы  
әліпбиі туралы» хатына  
ПІКІР**

Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған жаңа әліпби көпшіліктің талқылауына ұсынылып оң бағасын алды. Әліпби және оның ережелерін таныстыру мақсатында да сан тарапты жұмыстар атқарылып жатыр. Әрине, әліпби көпшіліктің назарындағы дүние болғандықтан, қолдау да, қарсылық та болары сөзсіз. Бұл қазақ қоғамының тіл мәселесіне жанашырлық танытуы. Қазақ әліпбиін жетілдіруде өзіндік үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі – т.ғ.д., профессор А.Ә.Шәріпбай. Дегенмен де, ғалымның көзқарастарымен келіспейтін тұстар да баршылық. Атап айтсақ:

1) Ғалым мақұлданған әліпбиде «Cc Ww Xx» таңбаларының қолданылмай қалғанын айтады. Біріншіден, «Xx» таңбасы мақұлданған нұсқада түсіп қалған жоқ, оның орнына «Hh» таңбасы енгізілді. Қазақ тілінде орыс тілінен енген X мен араб тілінен енген h дыбыстарының айтылу ерекшеліктері бірдей болғандықтан, жаңа әліпбиге біреуі ғана енген. Екіншіден, «Ww» таңбасы бұл қазақ тілінің табиғатына үйлесе қоймайды. Бұл таңбамен қолданылатын төл сөздеріміз де жоқ. Әліпби жасауда ағылшын тілінің заңдылықтары емес, ең бірінші қазақ тілінің ішкі заңдылықтары, емле ережесі негізге алынуы тиіс. Кез келген тілдің емле ережелері әліпбимен байланысты екенін де естен шығармағанымыз жөн;

2) А.Ә.Шәріпбай «... дауысты (и) фонемасы мен дауыссыз (й) фонемасы «I» әріпімен таңбаланғанын айтады. Орфографиялық жұмыс тобы мақұлдаған ережеде «и» дауыстылар қатарында емес, дауыссыздар тобында ғана қарастырылады. Яғни, «и» дауысты фонеманың емес, таңбаның қызметін атқарады. Сондықтан тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес «и» және «й» бір таңбамен берілген;

3) Зерттеуші «...әліпбиге (Вы, Фы, Хы, Цы, Чы) дауыссыз дыбыстарын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне енгізу керек, оларды қолданғаннан қазақ тілі зардап шекпейді...» деген пікірді келтіреді. Жалпы бұл таңбалар мақұлданған әліпбиде берілген. Сондықтан бұл таңбаларға қатысты сөз болмауы қажет;

4) Сонымен қатар ғалым «Әліпби қабылданғаннан кейін қазақ тілінің жаңа орфоэпиясы мен орфографиясын қалыптастыру керек... қазақ тілінің кириллицадағы жазбасын ь жуан және ь жіңішке белгілерінен арылу керек. Сонымен қатар қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін дыбыстарды таңбалайтын И, Ё, Э, У, Ю, Я, Щ әріптерінен де арылту ережелерін анықтау қажет» деген ойды айтады. Бірақ бұл мәселелердің бәрі мақұлданған әліпби ережесінде толығымен жүзеге асырылған;


5) А.Ә.Шәріпбай пікірінде «3 түрлі (і), (и) және (й) дыбыстары бір ғана үлкен «I» әріпімен таңбаланған» деген ойды кездестіреміз. Бұл пікірге де қосылуға болмайды. Қазақ тіліне тән (і) дыбысының таңбасы бөлек.

Жалпы *Мақұлданған әліпби*, оның ережелері қазақ тілінің заңдылықтарына толық сай желеді. Тіліміздің дәстүрге айналған тілдік



нормалары толығымен сақталған. Әліпби жасауда, біз, шеттілдік сөздердің жағдайын емес, өз төл сөздеріміздің таңбалануын, өз тіліміздің ішкі заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескеруіміз керек. Әрі әліпби көпшілікке, халыққа арналған дүние болғандықтан, оның жинақы болғаны жөн. Бұл тұрғыдан, Орфографиялық жұмыс тобы мақұлданған әліпби барлық талаптарға сай. Сондықтан көптеген тілші ғалымдардың сараптамасынан өткен, ғылыми тұжырымдалған әліпби және оның ережелеріне өзгеріс енгізудің еш қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті қазақ тіл білімі  
кафедрасының профессоры, ф.ғ.к,  
Орфографиялық жұмыс тобының  
мүшесі**



**Л.Ә.Еспекова**

